

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы сот төрағасы
Ж.Қ.Асановқа
Түркістан облыстық
адвокаттар алқасының адвокаты
Ташкулов Берик Бейбитовичтен

Алғыс хат

Түркістан облысы, Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы М.И.Оңласовқа Әкімшілік талап қоюшы Б.А.Мирзаевтың азаматтық ісін кәсіби, әділ және объективті қарағаны үшін алғыс білдіремін.

Түркістан облысы, Түркістан қалалық сотының судьясы М.И.Оңласов «Азаматтық істің барлық материалдарын және істегі келеңсіздіктерді жан-жақты зерттеп, істі объективті қарағаны үшін, істі созбаландыққа салмағаны үшін, әділ және заңды шешімін шығарған судьяға әкімшілік талап қоюшы Б.А.Мирзаевтың атынан және оның сенімді өкілі-адвокат ретінде өз атымнан шын жүректен алғыс айтқымыз келеді. Бізге әділетсіз қарым - қатынас жасамағаны үшін сотқа рахмет, іс бойынша әр дәлелдемені мұқият қарап, бағалады.

Түркістан қалалық сотының судьясы М.И.Оңласов біздің азаматтық ісімізді мұқият зерделеп, әділдігі және адамгершілігі үшін шынайы, азаматтық істі қарау кезіндегі жоғары кәсібилігі және өзінің сауаттылығы мен принциптілігін дәлелдеді.

Мен, өзімнің адвокат ретінде кәсіби қызметімді асыру кезеңінде, яғни 2014 жылдан бастап, бүгінгі таңға дейін, жалпы алғанда кейбір соттардың іс - әрекеттеріне наразы болып, ішкі ренішімді әлеуметтік желілерде көрсетуге дағдыландым, ал бүгін алғаш рет сіздерге Қазақстан Республикасының сот жүйесі шын мәнінде бар екеніне зор алғысымды білдіре отырып Түркістан облысы, Түркістан қалалық сотының судьясы М.И.Оңласовтың төрағалығындағы азаматтық істі қарау кезінде, сот құрылымы туралы менің барлық қате түсініктерімді бұзды, Осы сөздің жақсы мағынасында менің барлық үміттерімнен асып түсті.

Азаматтық істі мұқият түсінген, әдепті, парасатты, сауатты, ең бастысы, әділ әрі менің көз алдымда Қазақстан Республикасы сотының беделін танытқан судья М.И.Оңласовқа өз ризашылығымды білдірем. Мұндай судьялар Жаңа Қазақстанға, Қазақстан азаматтарына сот төрелігіне деген сенімін бекіте түсуге көмектеседі, ал бұл біздің тарапымыздан берілетін жоғары баға. Халықтық батасы мен оның алғысына бөлену сот қауымы үшін аса маңызды. Сотқа деген сенімдері нығайып, жүздерін күлкі, жүректерін қуаныш кернеген жандардың хаты алғысқа толы болсын. Түркістан қалалық сотының судьясы М.И.Оңласов және сот отырысының хатшысына ризашылығымызды білдіреміз, жұмыста табыс және жоғары мақсаттарға қол жеткізуді тілеймін.

Ізгі ниетпен Түркістан облыстық
адвокаттар алқасының адвокаты


Б.Б.Ташкулов